

## «ҚАЗАҚТЫҢ АБАЙ – БІР АТЫ»

Кешіре гөр, сен мені Абай баба,  
Сен дарасың туғанмен талай дана.  
Падишасы өлеңнің сіз тұрғанда,  
Ақынмын-деп айтамын қалай ғана.

Ғылым атты сүйеніп шар айнаға,  
Маған ақыл айтады бар айнала.  
Ақыл ойдың Абызы сіз тұрғанда,  
Ақылдымын –деп айтам қалай ғана.

Жанды жаулап батыстың кернейлі әні,  
Күндеу, мақтау еседі желдей бәрі.  
Бақи болған жасыңа жетсемдағы,  
Жеткемін жоқ сен күткен деңгейге әлі.

\*\*\*

Жалған мақтан, семіріп қарын сыммен,  
Күдірейген кезің жоқ жалың, шүйдең.  
Адамзаттың барлығын бауырым-деп,  
Данышпансың пенденің бәрін сүйген.

Рухыңа айтады ел шағым, назын,  
Жұбатады тәмсіл сөз лағыл, назым.  
Пенделікпен ақ жолдан ауытқысам,  
Жөнге салар өзіңсің әділқазым.

Түйткілдерді шешерде не бір нәзік,  
Сөздеріңнен аламын өмірге азық.  
Адасқанда жер жарық әуе ашықта,  
Бағыт сілтер өзіңсің Темір қазық.

Елти тыңдап жаңаның зиялы әнін,  
Тамашалап жын-ойнақ би алаңын.  
Өркениет өрінде жүрсем дағы,  
Жырыңды оқып өзіңнен ұяламын.

Арылмаған надандық шалық бойдан,  
Менменсіген кісімсіп қанып тойған.  
Түбірімен дүние өзгерсе де,  
Қазағың бар қалпында қалып қойған.

Кез келгенге ашылып жабық қоймам,  
Ойсыз басым қаңғырған жалықты ойдан.

Тілден діннен қазекен айрылса да,  
Пенделігі бәз қалпы қалып қойған.

Туған жерің құба түз, құла дала,  
Жер жаһандық айналдың ғұламаға.  
Д уаланған зомбимен қазіргі ұрпақ,  
Тағдырыңды тым ауыр ұға алама.?

Қазақпын –деп жар салған Жұбан аға,  
Түріміз бір тіліміз шұбар ала.  
Ымменен тіл табысқан жаңа қазақ,  
Сенің терең жырыңды ұға алама?

Жүректерге жазылған мөрлі хаты,  
Абай –ана бақыты ер мұраты.  
Қазақ атын әлемге жария еткен,  
Абай , Абай, Алаштай елдің аты.

Домбырамен ,қобызбен нар идірген,  
Тылсым сырын аспанның тани білген.  
Абайменен,қазақты түсінбейтін,  
Туғанына заманның налимьмен.

## ТҮҢІЛУ

Бұзау-тірлік кештім ғой байлауда өскен,  
Қоңыр желді сағындым қойнауда ескен.  
Түйеменен тізілтіп құс керуен ,  
Қайран күндер қалды ғой жайлау көшкен.

Жең ішіне жасырып қолды сынған,  
Қонағына қой сойып төрді ұсынған.  
Жатын тірлік жатаққа айналам-деп,  
Айырылдым ғой қазақы болмысымнан.

Атқа шауып ұл қайда тақымы ісер,  
Арқа тұтар қарт қайда ақылы сел.  
Ата кәсіп дегеннен қол үздімде,  
Кер жалқауға айналдым жатып ішер.

Өз үкімін жүргізіп тайы қасқа,  
Ұрпағымның айналды ойы ыласқа.  
Бақыр тапсам базарда көзін құртып,  
Тік қасық боп қалдым ғой дайын асқа.

Қыл айланбас кезіктім пиғылға тар,  
Кеудеме шер жүзіме жидым қаһар.  
Қолғанатқа айналған құл тетіктер.  
Саусақ басын жандар аз қимылдатар.

Бас көтермей жаһандық қарсы ықпалдан,  
Асылдарым қаншама мансұқталған.  
Түзге айналған қайтейін қонысымды,  
Қазанымды қайтейін қаңсып қалған.

Барлық әлем бас иген мәңгілік-деп,  
Аян берген тәңірден жаңғырып көк.  
Отқа піскен не жетсін ас дәміне,  
Түзде ұйықтауға не жетсін шалдығып кеп.

## ҰЛЫ ДАЛА

Сүйенген көлігіне жалды арқалы,  
Саймасай шаруаға арба,арқаны,  
Даланың шын табиғи болмысындай,  
Албырт жас адал сәби аңғал кәрі.

Шаңырақ панасының шар қалқаны,  
Үй төрі мейман досқа мәрмар тағы.  
Сүті бал сүмесі май төрт түлігі,  
Қазақтың тірлігінің қармар талы.

Толқыған теңіздейін дәнді алқабы,  
Төгілген жел «үп» етсе маржан тары.  
Шөбінен жүз мың түрлі дәрі жасап,  
Емдеген қымызбенен сал, маңқаны.

Үкілі зерлі бөрік сәнді алқалы,  
Кім сүймес сертке берік жан қалқаны.  
Кететін ат үстінде тұлғаланып,  
Саф алтын сауыт киген сардар ханы.

Қыстауы сахараның жал барханы,  
Қосылып жайылатын малға арқары.  
Жайлауға көшкенінде қала берер,  
Бұлдырап көз ұшында балбал тамы.

Далада кіндігінің тамған қаны,  
Жастықтың табанының қалған табы.  
Бұлтты айдап қара түнек түнді түрген,

Атқанда рауандап шамдал таңы.

Тереңіне өзеннің салынғанда ау,  
Жүздеп балық іледі шалынған бау.  
Қазы, қарта хандардың сыбағасы,  
Қазақ үшін балық жеу қарынды алдау.  
Ақ боз үйдің бір бақыт төріне аунау,  
Қымыз ішіп атпенен омыраулау.  
Алуа шекер ас емес қазақ үшін,  
Бояуымен көзді арбап көңіл аулау.

## СМС

Жансақтыққа дауласып ұрынбаңдар,  
Жерден хабар алатын зұлым хандар.  
С МС-тің шыққаны бүгін емес,  
Бұл СМС қазақта бұрыннан бар.

Бұлдап ісін, алмайтын төлем ақы,  
Жеткен елге әп-сәтте төре хаты.  
Терминмен еш қандай шатыспаған,  
Бар оның «ұзын құлақ»-деген аты.

Жүргендігі беймәлім араға кім?,  
Елде болған жақсымен, жаман атың.  
Жарықпен бе? яки ауамен бе?  
Сахараға тым жедел таралатын.

Қайдағы бір алатын тәлімді ұғып,  
Біткен ерек ұлтыма дарындылық.  
Үйде отырып түздегі саясаттың,  
Отырады қалтқысыз бәрін біліп.

Ғылым тілін біледі өнер тілін,  
Өсектіңде соғады нелер түрін.  
Ажалменде қазекең тілдесе ме?,  
Кейде айтады дөп басып өлер күнін.

Заманымен үндескен ой дамысы,  
Өткен-кеткен бәріне айғақ ісі.  
Әл-фараби бабадан бері қарай,  
Үзілмеген ғарышпен байланысы.

Қызымды алдар жайым жоқ ұлымды алдар,

Тапты-дейді ойы озық білімдарлар.  
Жаңа ғасыр емес бұл жетістігі,  
Бұл СМС қазақта бұрыннан бар.

\*\*\*

Төзерсің қайтіп,шіркін қапаланбай,  
Өзіңе өз немерең жат адамдай.  
Кім болар,болашақта, сөзін тыңдап,  
Атадан өскен ұрпақ бата да алмай.

Ата салт, икемі жоқ еш өнерге,  
Салмайды көздің қырын көшеге, елге.  
Қолында алақандай сиқырлы айна,  
Ол қымбат әкеденде,шешеденде.

Жатсада іні құлап мұрын қанап,  
Қисайып отырғаны қырын қарап.  
Көрмейді ештеңеде,естімейді,  
Құлақты қос тығынмен тығындап ап.

Үмітің оған артқан жорамалдай,  
Тоналған адамдықтан жоба қалмай.  
Саусақтан басқа мүше қозғалыссыз,  
Балшықтан құйып қойған өлі адамдай.

## ТУҒАН ТІЛ

Қос бұрым,камзол,бөрік айдар тұлым,  
Ата салт,наным сенім қайда алтыным?  
Бидай шаш аспан көзді қыз алдында,  
Байланды буыны жоқ қайран тілім.

Құтырып шапшығанда айға арыстан,  
Тіл едің зәре құты бойдан ұшқан.  
Алтаймен Атыраудың екі арасы,  
Сымсыз-ақ сен арқылы байланысқан.

Жаршысы ең,шежіренің ерліктермен,  
Алдымен саған орын бердік төрден.  
Көп томын күн көсемнің аударғанда,  
Кезім жоқ тіл қарыздап кемдік көрген.

Шықпайтын тар шеңберден емханадан,  
Кәдімгі секілдісің кемтар адам.  
Адасқан ата жұрттан елмен кетіп,

Тіл едің бар ғаламға кең тараған.

Атанған сөзбен-дана ойменен пір  
Абаймен, Ахметтей бейнелер тұр.  
Миллиард Ханзу ұлты құрмет тұтып,  
«Азаттық» еуропада сөйлеген тіл.

Уатып қайғылыны жылап келген,  
Тіл едің бойына күш қуат берген.  
Қонақтап монғол қыздың көмейіне,  
Тіл едің әсем ән боп құлаққа енген.

Сен едің ұлтық нышан ұран туым,  
Жарқырап айың қашан, туар күнің?  
Санама иман нұрын сеуіп едің  
Аударып құдай сөзін құран тілін.

Бет бұрып, Мекке тарап құбылаға,  
Сен болып сөйлеп еді ұлы дала.  
Қақы жоқ қалалықтың, ауылмен тек,  
Боп қалдың оралманның тілі ғана.

О, менің қасиетті зергер тілім,  
Тағдырлас тұл жетіммен көрген күнің.  
Ақ үйдің мінберінен үн қатсаңда,  
Жоқ әлі босағадан өрлер түрің.

Жат тілдің құшып сүйіп май балтырын,  
Жығылды бөрі рухым айбар түгім,  
Бас иіп байтақ әлем жатсадағы,  
Қазаққа қадірі жоқ қайран тілім.

\*\*\*

Бұрынғының қартының көрсең кейпін,  
Аласамен арманы өлшенбейтін.  
Сексенбаймен, туғызып Тоқсанбайды,  
Ержеткізіп қызығын көрсем-дейтін.

Елуменен алпысқа қол сермейтін,  
Өтеріне дүние ол сенбейтін.  
Немересі келгенде дүниеге,  
Шөберемнің қызығын көрсем-дейтін.

Бүгінгідей кез емес көрші енбейтін,  
Өсиет, батасына ел шөлдейтін.

Бағылан еті,бал қосқан қымыз беріп,  
Басы ауырса тоқалдай емші емдейтін.

Жақсы әйелі сүйеу боп жаман байға,  
Отбасының жыртығы жамалмай ма?  
Бір қария бір елге тұтқа болған,  
Пай-пай шіркін бізге ондай заман қайда?.

Немеренің үніне құлақ түріп,  
Әже қайда ? отырар құрақ тігіп.  
Енді қарттар қорқады ұл,келіннен,  
Кетеде-деп бір жерге лақтырып.

Заман салған жанына жара батып,  
Дәрісі бар отырар жалап,атып.  
Сүтпен біткен қорқады мінезінен,  
Қарттар үйін тастар-деп паналатып.

Бұйым сайын қозғалтқыш түйме қадап,  
Қызыл,жасыл сусыны жидек,арақ.  
Шықса қайтіп төменге түсе алмайтын,  
Қояма-деп қорқады үйге қамап.

Заттан сапа жоғалған астан құнар,  
Даңғазаға жұрт ұқпас жастар,құмар.  
Жазаланбай без бүйрек әке-шеше,  
Көбеюден қорқады тастандылар.

Айтпақ болса өткенін жүрген есте,  
Әсте құлақ аспайды ұл кеңеске.  
Қызыл тілі байланбай,мылқау болып,  
Айналу дан қорқады үндемеске.

Интернет жастардың жан атасы,  
Жүрек,бауыр шағылдың қара тасы.  
Зейнет ақы,дуана,қайыршыға,  
Сараң байдың ұсынған садақасы.

Нәубетте өлген жоқтаған атаң құнын,  
Халифа Алтай, сүмейді мақамды кім?.  
Ол қорқады иманды ұрпағымды,  
Аздырар-деп еврей сақалды дін.

Пасық деумен қоғамды сасық деумен;  
Бұл өмірге суынды,ғашық кеудем.

Намысы өліп еркектік,кемпір болып,  
Дастарханнан қорқады ас үптеуден.

Обыр құлқын қаймықпай қаржы асаудан,  
Сұғанақ қол қалтадан олжа сауған.  
Бұрынғылар жылапты бір күні өтсе,  
Енді қарттар қорқады көп жасаудан.

\*\*\*

Қаласын тұман басқан у-шуы үдеп,  
Заманда салтым азды қу,сұмы көп.  
Қымызың ата-бабам тегін берген,  
Атымтай,жомарттардың сусыны-деп.

Жылқыны артық көріп басқа малдан,  
Бабамның алтын басы қоста қалған.  
Қымызын атам қазақ кие тұтып  
Қорғаған тегі харам қоспалардан.

Қосқанда сүр қазыны алты бөліп,  
Шорланған сүйек кеткен балқып еріп.  
Сынықтың жігін тауып қайта таңса,  
Сүйекте біткен сап-сау қалпына еніп.

Кеседен қымыз ішсең бедер толған,  
Бойыңа шабыт құсы жедел қонған.  
Ыдысы ,тері саба,ағаш күбі.  
Бәріде жасалатын шебер қолдан.

Болса егер пісу шала, күтімі кем,  
Саумалдың көнегінде сүті іріген.  
Бабында ұзағырақ сақтау үшін,  
Ыстаған тобылғының түтінімен

Астына төсеп кілем, торқа,мамық,  
Дүйім жұрт қолпаштаса ортаға алып.  
Арыста жықпайтығұн балуан болмас,  
Шықса алты ай, қымыз ішіп сорпаланып.

Бұл қымыз көңіліңе жел беретін,  
Сойып ап ту биенің шелмен,етін.  
Қалампыр ермен сеуіп теріге оранып,  
Дертінен жел-құзы бар емделетін.

Қан қызып алапат күш белге енетін,



Бусанып сай-сүйегің тер көметін.  
Жігітпен қымыз ішкен көңіл қосқан,  
Көрсетпей қаса сұлу елге бетін.

Ішкенде бесті қымыз мастық кіріп,  
Жіберген өлімге де бас тіктіріп.  
Асауға жүген, құрық салмай мініп,  
Әкелген бел асырып, бастықтырып.

Қосқанда араламен, күшаланы,  
Көпіршіп одан әрмен күш алады.  
Көкірек ауруынан таза айығып  
Сырқаттың бойдан қашқан құса, алаңы.

Баптаған бал қымызбен белді арысын,  
Қаймықпай ол қорғаған ел намысын.  
Ішпеген байлығына мақтануға,  
Қымызды ішкен бабам ем дәрі үшін.

\*\*\*

Домбыраның үйлесіп дыбысымен,  
Шырын сорған шабыттан тіл ұшымен.  
«Қасиетіңнен қара өлең айналайын»,  
Даласындай қазақтың тынысы кең.

Нақыл болған айтылған әр батасы,  
Домалаған бұл күнде өрге тасы.  
Бұл қара өлең аламан айтысыңның,  
Шыққан тегі, төркіні арғы атасы.

Тілі жаппай заманда,ымға көшкен,  
Қара әуезді сағындым қырдан ескен.  
Қара өлеңнің уызын жөргекте еміп,  
Бесік жырын ұл едім тыңдап өскен.

Сырттай даттап, көлгірсіп бетке мақтап,  
Көнесініп кім сені шетке қақпақ.  
Марапатпен классик болғандардың,  
Аруағыңды бірі жоқ өткен аттап.

### **ОТАНҒА АДАЛДЫҒЫҢ АР ИМАННАН.**

Тіл келіп кәлимаға өлер шақта,  
Кіргізсін кілең мүмин енер сапқа.  
Иманнан үміттіміз, жетер бізге,

Алланың адал құлы бола алсақта.  
Жермен көк арасының жалғауға ісін,  
Пырақтың берген Алла самғау күшін.  
Діннің де берген бізге ең ізгісін,  
Силаған кітаптың да таңдаулысын.  
Жерде жоқ Мұхамбетке тең ғұлама,  
Бар әлем мойындауда енді ғана.  
Аршының біздің Алла қақ төрінде,  
Құдайы өзгелердің эмблема.

\*\*\*

Жүзінді майда самал сүйеді жел,  
Көлдердің көмкеруі, жиегі зер.  
Басында Қазығұрттың Нұқ кемесі,  
Қазақтың жері нағыз киелі жер.  
Раббының жүрегінде шын есімі,  
Ұлтымның діннен алған үлесі ірі.  
«Түркістан екі дүние есігі ғой»  
Меккенің Түркістанда бір есігі.

\*\*\*

Бойына сыилап дарын күш керемет,  
Алланың ықыласы түскен ерек.  
Бабамыз дін таратқан Қожа Ахмет,  
Берді Алла ол құлшынған іске медет.

Халықпыз ата дінге құрмет еткен,  
Қанаты кең жайылып ірге тепкен.  
Әулие үш жүз алпыс Маңғыстауда,  
Алланың сүйген құлы пір Бекетпен.

Болсын-деп азғындықтан елім аман,  
Қылмысқа үкім кескен тегі харам.  
Меккеге «Такиядай» тұрақ салған,  
Болмаған Құнанбайда тегін адам.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»  
Абайдың бізге қалған сөзі мирас.  
Иман жүз мүминдерге, Алла сыйы,  
Көргенде бірін-бірі көзі қимас.

Мектептің басталғанда әр сабағы,  
Сөзімен Ыбырайдың қарсы алады.  
Жататын біреу келіп, біреу кетіп,  
Бұл өмір футболдың шаршы алаңы.

Еріксіз бет бұрғанда жаңаға елі,  
Жауына сатылмаған жан әлемі.  
Жасаған Байтұрсынов төте әліп би,  
Құраннан қол үзбеудің амалы еді.

Кітабым қасиетті Құранкәрім,  
Уахиы ол Расулге бір Алланың.  
Аударған Халифа Алтай мәтінінен  
Қазағым өз тілінде ұғар мәнін.  
Құранмен қаршадайдан тіл ұстартқан  
Бойына сіңіре алар құнар дәнін.

\*\*\*

Жарға сыилар махаббаттың ақ түнін,  
Қыздарымның сақтап келген пәктігін.  
Қазағымның қорғап қалған елдігін,  
Дін ислам Алла сөзі хақ дінім.

Дін ислам берген қуат жанға күш,  
Адал астан тарайды екен қанға ағыс.  
Жанын қиған Отаны үшін діні үшін,  
Ұлдарыма тарту еткен ар, намыс.

Тектеп жатпай, қастары кім, досы кім?,  
Қартты сыйлау ата салтым жосыным.  
Жылатқызбай, жесірімен-жетімін,  
Алақанда аялаған осы-дін.

Өлгеніне жоқтау айтқан қосып үн,  
Демеңіздер әурешілік бос ырым.  
Қияметте құрып мизам таразы,  
Ақ қараны айыратын осы-дін.

## **ИСЛАМДА-БЕС ПАРЫЗ**

Келтіру - басты парыз Аллаға иман,  
Жақындау Раббыңа әр кәлимаң.  
Алла құлы Мұхамбет үмбеттері,  
Діні үшін мүлкін шашып, жанда қиған.

Екінші Намаз екен бес уақыт,  
Сауапты құлшылықтан шошыма түк.  
Пайғамбар миғражда мойнына алған  
Бұйырған мұсылманға осы-бақыт.

Біреуі бес парыздың Зекет-деген,  
Адал құл хақ бұйрығын екі етпеген.  
Бермеген малға зекет Қарынбайды,  
Қара жер қысқан-дейді екі өкпеден.

Тағыда бір парызың ораза-ды,  
Жандыны құлататын оқ,ажалы.  
Ораза хақ жолымен тұтынғанға,  
Жеңілдеу тиер-дейді көр азабы.

Қажылық соңғы парыз салмақтырақ,  
Барыңмен өтеген жөн жалғап құрап.  
Бар күнәң осы жолда кешіріліп,  
Бейіштен барған пенде алмақ тұрақ.

## ДҰҒА ҚЫЛ

Хақ Ислам Алла жолы шын әділ,  
Жаратушы иеңе әр кез дұға қыл.  
Жер бетінде шетсіз-шексіз байлық бар,  
Жаратушы Алла екенін ұға біл.  
Құзырында қуан,шаттан,жыла,күл,  
Әрбір берген нығметіне дұға қыл.  
Жер бетінде көзді арбаған сұлулық,  
Жаратушы Алла екенін ұға біл.  
Қатал сынақ басқа түссе шыда құл,  
Тәубеңе кел есінді жи дұға қыл.  
Жазалауы өлім, қатер, зіл,зала,  
Жаратқанның ескертуі бұда бір.  
Шашбаулы-қыз шалмалы-қарт жығалы ұл,  
Серік қоспай Раббыңа дұға қыл.  
Еншісінде көкпен жердің арасы,  
Нақ иесі Алла екенін ұға біл.  
Таң сәріде төгіледі құба нұр,  
Сәулесіне шомылады қыр,адыр,  
Тірлігіңе әр күн жарық сыйлаған,  
Алаңды сүй бір өзіне дұғақыл.

## «ТУҒАН ЖЕРГЕ СӘЛЕМ»

(Ценгел сумының 90 жылдық мерейтойына тарту)

Ауамен қосып жұтам ән,  
Қиялмен ұшып тұтам аң.  
Монғолдан татқан дәм-тұзды,

Кеттім-деп қалай мұта алам.  
Көп еді асыл құт адам,  
Аратым момын бұқарам.  
Қазағым туған жан анам,  
Монғолым қамқор сүт анам.

\*\*\*

Жүзінді өпкен жел майда,  
Малы бөккен шел майға.  
Көлшіктері зерлі,айна,  
Біздің жердей жер қайда.  
Жомарттығы тең байға,  
Дастарханы кең жайма  
Көңілі жаз кең жайлау,  
Біздің елдей ел қайда.

## АРНАУ

Цэнгәлім кіндік мекен төркінім ең,  
Заманның кеттім еріп толқынымен.  
Ішінде Ақ сояның ер жетіп ем,  
Момақан жаны жайсаң қолтығы кең.  
Естілер ұлығаны жер түбінен,  
Тараған көк Түріктен бөлтірік ем.  
Өсіп ем Бесбоғданың аясында,  
Тоқылған ақша бұлттан бөркі кілең.  
Өркенмен оза шауып өнерде өрден,  
Кеудесін ақыныңның өлең керген.  
Тоқсанда толықсыған дәулет бітіп,  
Кезің бұл өсіп,шалқып кемелденген.  
Туған жер құшағынан сая тауып,  
Нарықтың уызынан тоят алып.  
Кешегі шарық киген бірлестікші,  
Шалқыған «жип» мініп бай атанып.  
Сұғынан жаумен жұттың сақтап аман,  
Қорғаған пір,әулие хақ тағалам.  
Үнемі келе жатқан ілгері аттап,  
Кешегі,бүгініңмен мақтана алам.  
Таймаған ата-дәстүр жолдан әлі,  
Отаулар бала бақша он балалы.  
Өзімен ырыс құтты ала келген,  
Аттаған келінінің оң қадамы.  
Қарттары бәйтеректей мол дарағы,  
Мәжіліс ол отырған орда маңы.  
Жатса жастық иілсе төсек болып,  
Арналған қонағына қолда бары.

Жетілген қымызының қорда бабы,  
Бал сусын, дертке шипа олда дәрі.  
Шапқанда ауызымен құс тістеген,  
Шын жүйрік жылқысының ,жорға бәрі.  
Талшығы өнімінің зор бағалы,  
Мыңғырған жусап өріп жонда малы.  
Қазына жер қойнынан тасып шығып,  
Көкке өрлеп қарыштаған өрге бағы.  
Шың ,күздың бауырында толған аңы,  
Қыдырған саяхатшы көрме алабы.  
Жасанған жауда жұтта ала алмайтын,  
Сай жылға,жыныс тоғай ор, қамалы.  
Керілген керме иықтай кер маралы,  
Күнменен шағылысқан зер балағы.  
Лық толы қара балық,ақ қайранға,  
Мөп- мөлдір өзен көлдің арналары  
Таулары көк аспанға тұғыр,тірек,  
Аттанған әр үйіне Қыдыр түнеп.  
Өзіңнен шалғай жерде жүрсемдағы,  
Жүремін мәңгі жасар ғұмыр тілеп.

## АЛТАЙЫМ

Тасында жазу өрнек толы-дастан,  
Бабалар жауға қарсы жорық ашқан.  
Алланың иқаны иіп,осы тауда,  
Бабамды бауырына бөрі басқан  
Пана іздеп шүршіт қысып Қобда беттен,  
«Алтайдай жер қайда» -деп зорға кеткен.  
Үш бөліп алсадағы үш патшалық,  
Үш жағын иісі қазақ қорған еткен.  
Аң-құсы сауық құрған сан тілменен,  
Табиғат киіндірген қамқа,үлдемен.  
Алтынды Сақ бабамыз асықша атып,  
Өлгенін кебіндеген алтынменен.  
Абылай аманатын өнеге еткен,  
Жерімде Өжекеңдей\* төреде өткен.  
Түліктен қора-қора жер қайысып,  
Қоңыр аң жосылатын төбе,беттен.  
Шырылаш, Ақсай,Шәкен,Кемелектен,  
Табылған қоспасы алтын керемет кен.  
Жыланды, Харғантының жерін зерттеп,  
Қабдылдай ғұлама адам желек еккен.  
Иса атам мүсәтірді түйеге егіп,  
Шықпапты қайтып мерез, сүйел өніп.  
Сақайы Ойнақбайдың жылпостықпен

Еңбегін ғалым бопты иеленіп.  
Аралап Потанин әр асуды,  
Көздеген Ресейге жол ашуды.  
Бұл жерде Ысмағұлмен, Қауыш молда,  
Ұйытқан дұғаменен қара суды.  
Алсаңыз Қазақ, Тыба төріне дем,  
Жанданар арасанмен өлі денен,  
Жаз бойы түзді шарлап Ұнзыт\*, Жалцып,  
Жасапты мың бір түрлі шөбінен ем.  
Көргенде қыз-жігітін не бір өрен,  
Ән болып, өлең болып төгілер ең.  
Дүйім ел, қол-аяғын бүтіндепті,  
Иленген Қазыбайдың көніменен.  
Ер өткен Әуетайдай қолы мерген,  
Бежештің інісі екен соңына ерген.  
Ғайыптан Олжабайға қонды аруақ,  
Сөйлескен, тірілерше өлілермен.  
Әбестік өткенді айтып өкіну құр,  
Ерлердің ізін жалғар жетілуде ұл.  
Алысып аюменен жылқы қуып,  
Кезіпті таумен-тасын Бөкібурыл.  
Жаратқан жазса солай барма лажы?,  
Еміпті сүттен бұрын нәрлі қазы.  
Дарыған арғы атаның жойқын күші,  
Піл-Бақыт Қажымұқан, Әбдіғажы.  
Жетпейсің сұм жалғанның қусаң атын,  
Жаныңа жазылмас – дерт у салатын.  
Қадылхан, Өкей, Жаубай шешен туған,  
Желпініп сөйлегенде суша ағатын.  
Бай емес қарапайым қараша үйден,  
Қайтасың қарық болып төре сыймен.  
Түнесе «киелі ағаш» «бесік тасқа»,  
Белсіз ер, бедеу әйел бала сүйген.  
Кілең бір жылқысынан тұлпар туып,  
Өлінің тірісінен рухы артылып.  
Ашқанда шұбар тасын Даби жайшы,  
Қалатын күн тұтылып, су тартылып.  
Құлын ембес, Жағаштаймен жылқы өрісі,  
Үстінде сарлығының піл, терісі.  
Ырғайбай, Муса бақсы кәрін төксе,  
Аспанның жерге түскен жын перісі.  
Көп еді қатпарлары ойлы-қырлы,  
Болдырып қиял кудым ойды дүрбі.  
Қорымдық, Ұзын көйтен, Бәйге төбе,  
Жер еді көп өткізген той дүбірді.

\*Өжекең - төре тұқымы Қожамжар.  
\*Унзад-Жалцавтың діни атағы, мұсылманша хазірет

\*\*\*

Алтайым ақ күмістен дулығалы,  
Бөлеген шың құздарын шуға ұлары.  
Айырған семіздіктен тайдың таңын,  
Бояу боп малға қонған нулы раңы.

Мәңгіртер у сойқысы улы дәрі,  
Күмістен, алтынменен су құрамы.  
Ізінен аңын қусаң адастырған,  
Алдыңда кесе шөккен бу мұнары.

Тау ешкім тобылғы өңді, кер маралым,  
Шық жуған күн шыққанда зер балағын.  
Ежелгі көк бөрінің мекенінде,  
Ер жеткен, туып өсіп бел баламын.

Соқпағы тауларында ер бабаның,  
Еңбегі егістікте белді ағаның.  
Төркінін алыстағы аңсап өткен,  
Сыңсуы қурайында шерлі ананың.

Жазулы, жалпақ таста құлжа ойнаған,  
Жазығы қалы кілем гүл жайнаған.  
Шөбінің алсаң үзіп бір тамырын,  
Көкте ойнап нажағайы күн жайлаған.

Даласын өзендері шарлап ағып,  
Соғылған толқындары жарға барып.  
Ойынмен астан басқа уайым жоқ,  
Сонда өткен бақытты шақ бал балалық.

Қарт Алтай бұлт бүкенген заңғар алып,  
Тарихын жазған бабам қанға малып.  
Қашалған тастарына сол жазудай,  
Қалғансың жүрегімде таңбаланып.

### ТОҚСАН БЕС

(Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрқалиұлы Сейілханның тоқсан беске  
келген тойына арнау)

Тоқсан бес кәрілікке сыр бермеген,  
Жылыстап ғасыр атты шыңға өрлеген.  
Алдыңда тоқсан бестің елу, алпыс,



Сәби ғой есі кіріп үлгермеген.  
Тоқсан бес шежіреге төкпе күйдей,  
Кеудесін арамдыққа өткен имей.  
Тоқсан бес теңдесі жоқ көзсіз батыр,  
Жол кешкен суға батпай,отқа күймей.  
Жастық шақ өткінші бу, үрлеген мес,  
Тоқсан бес өрен жүйрік жүлде бермес.  
Тойында тоқсан бестің бір шалқып қал,  
Атаңыз тоқсан беске күнде келмес.  
Басынан өткен өмір апаты көп,  
Тоқсан бес тарихқа жота,тірек.  
Аузынан тоқсан бестің шыққан бүгін,  
Иллаһи қабыл болсын бата,тілек.

\*\*\*

Сағындым жастықта асыр салған жерді,  
Бір көру айналды ғой арманға енді.  
Басында Орта ашаның Нұқаң<sup>\*</sup> шаппа,  
Олда бір атамыздан қалған белгі.  
Бұлқынып жел тынғанда алған демді,  
Аңсадым аққу, қазы толған көлді.  
Көтерген «түйе» Мағаз<sup>\*</sup> зіл қара тас,  
Мәйкенің<sup>\*</sup> ұрпағынан қалған белгі.  
Даланың таңдағаны соны шөбі,  
Малының ойлағаны қоңы, сөлі.  
Қызыл тас, Ұзындара,Қара көлім,  
Әкемнің жайлау ,күзеу қонысы еді.  
Бір жазбай қырық күндей талған белді,  
Соғыпты Оралбайға қорған,көрді.  
Балықты көлде тұрған сол жәдігер,  
Нұқаңның үш ұлы<sup>\*</sup> нан қалған белгі.

\*Мәйке- ұлы атамыз

\*Нұқаң - атам Нұрқали

\*түйе Мағаз- ағамыз Мағаз Сартқожаұлы

\*Нұқаңның үш ұлы -Әсімхан,Сейілхан, Әбілхайыр

## ҚАБДЫЛ ТОЛҒАУ

Айтпағым Жәдік Қабдыл Омарұлы,  
Өткелсіз өзен еді долы ағыны.  
Іргесін «Алтай шыңның<sup>\*</sup> » тыңнан қалап,  
Игерген сыры жұмбақ жобаны ірі.  
Шаңқылдап кеудесінде шағала арман,  
Бойлаған тереңдікке жаға қалған.  
Кілең бір топастардың ортасында,  
Ғұлама ед білімімен дараланған.

Жығылған тәуекелдей қара нардан,  
Жыр қисса шежіреден сабақ алған.  
Кілең бір ақымақтар ортасында,  
Абыздай ақылымен дараланған.  
Даңқ үшін аттамаған адал ардан,  
Таланған ши бөріге жаралы арлан.  
Қуыс кеуде төрелер ортасында,  
Көзге ұрған еңбегімен дараланған.  
Мүйіз ғып, арық қазған қолын кетпен,  
Жібіткен қара жердің көнін кепкен.  
Үстелдің басында емес бар өмірі,  
Ат жалы, атан түйе қомында өткен.  
Шен тағып шекпен киіп зерлеп тіккен,  
Кетер ед атағыда өрлеп тіптен.  
Оқыған мамандығын тастап кеткен,  
Жерініп әпербақан жендеттіктен.  
Ер еді толқындарға қарсы барған,  
Сал айдап, салшыға арнап ән шығарған.  
Жаз бойы Сырғалының екі көлі,  
Бықыған арылмаушы ед салшылардан.  
Ақылымен халықтың көзі ашылып,  
Баулыған өз ісінің қожасы ғып.  
Атанған «қытай Қабдыл» ісіменен,  
Атақты көп Қабдылдан оза шығып.  
Атанға шом тіктіріп бұйда естірген,  
Бір аз жыл елге жайлы күй кештірген.  
Малының, қыстау жайлау, күйегінде,  
Жер сыры, мезгілге сай үйлестірген.  
Шәкіртке мектеп деген қия шыңдай,  
Көжесі атасының сый асындай.  
Біз жатқан ақ кірпішті жатақхана,  
Ыстық ед құстың мамық ұясындай.  
Белгілі ақ батпақтан соғылғаны,  
Заманның талап етті, көне ырғағы.  
Пісіріп ақ ұлтанды, тері илеген,  
Қабаңның еңбегі еді соның бәрі.  
Соқтырды ер, жүргенге атын жайлақ мініп,  
Жылы тон, жылқышыға сайлап құрық.  
Ағаштан түйін түйді, күйқаменен,  
Балықтан берік желім қайнаттырып.  
Мың тұяқ таптағанда жерді ластап,  
Көшірді дараларға елді бастап.  
Қытаймен шекараның ара жігін,  
Қазақтың қабірімен берді растап.  
Бастаған алғырлықпен іргелі елді,

Ділмар ед тәңір басқан тілге мөрді.  
Бастаса өз бетімен жасампаз іс,  
Алдынан жауы құрған бір кедергі.  
Айтқан да Қабан ақыл тебіреніп,  
Шамкөстің жөнге келген, тері кеңіп.  
Сақ ұстап шекарашы аңшыларды,  
Бермеген ұрыға жол бөріге ерік.  
Құлынға ат шаптырым желі керіп,  
Жылқышы пырақ мінген белі берік.  
Жастарда болмаушы еді бос уақыт,  
Ши тоқып, кесте тігіп, өрім өріп.  
Харғынты, Жыландыға егін егіп,  
Үйреткен жан сақтауды жерін еміп.  
Жұмылған жұдырықтай ортаққа елі,  
Сөзінен кеудесіне желік еніп.  
Қиындық, қызығымен алдай арбай,  
Өтті өмір, өгіз жүріс арба аяндай.  
Тағына отырғанмен талай тобыр,  
Өшті ізі, салған жолын жалғай алмай.  
Кезі жоқ марапатқа толып тасқан,  
Ұзтаз ед баяу жылжып анық басқан,  
Еңбекқор, жомарт, жарқын елге мінез,  
Қабанның үлгісімен қалыптасқан  
Ер еді хан төремен тең өресі,  
Болатын жердің құты ел егесі.  
Цэнгэлден ардақты ұлдар көптеп туса,  
Қабдылдай аталардың өнегесі.  
Замана ауыстырып ат шапанын,  
Жаңартты жүйе құлап патша тағын.  
Ұрпақты асырайды жүз жылдада,  
Ұлы ісі, аруағы жақсы атаның.

\*Алтай шыңы-Қабдыл ірге тасын қалаған бірлестік.

\*\*\*

Тауларымның сәлде ғой ақ қарлары,  
Сәлде астынан тер ғұсап аққан бәрі.  
Қарт Бес боғда тұр қазір ауыр ойда,  
Әжімінің молайып қатпарлары.  
Ұлдары Абай болғанда қызы Әйгерім,  
Мал қамымен жайлауға ұзайды елім.  
Камера көл суретін алып жатыр,  
Сырып тастап бетінен мұз әйнегін.  
Тал бойыма туадан силап дарын,  
Жайлап алған жерсің ғой ми қатпарын.

Күміс тана көлшікті қадап алып,  
Сиыр бүйрек жатыр ғой бұйраттарым.  
Қайда қашқан қозған жел делебесі,  
Тоқтап қалған бұлттардың неге көші?  
Қозы бұлақ сайлардан жамырады,  
Мекіреніп қарсы алар көл енесі.  
Секіргенде ойламай мертігем-деп,  
Қола тиін жасап жүр еркін еңбек.  
Тоқылдақтар автомат тұмсығымен,  
Ағаштардың жазып жүр дертін емдеп.  
Өтіп жатыр жайсаң жаз білінбей-ақ,  
Аққу-шабыт қаз –ұйқас жырымды оят.  
Орманды-тау, сияқты алып кірпі,  
Әдейі алған жасылмен түгін бояп.  
Қайтарармын күзімді аса ырза ғып,  
Шөп өсті ғой татырдың тасын жарып.  
Далам қазір ұқсайды жер шарына,  
Шашатығұн өзінен жасыл жарық.

## ТАУ ТҰЛҒА

МХР-ның және Қазақстан Республикасының  
Еңбек сіңірген спортшысы Бақыт Одынайұлына

Атасы елге сыйлы Кәкем-Ысқақ,  
Қақкөлде отыратын жеке қыстап.  
Қыз алған текті жерден арыс еді,  
Жықпаған намыс туын, бекем ұстап.

Жамылған күн батарда жалқын мұнар,  
Мекендеп тау арасын бөркің құлар.  
Жасынан сал айдаған ағаға еріп,  
Еңбекқор ұл боп өскен толқын құмар.

Бұл тағдыр назары ауса, мәрт осындай,  
(Бойыңмен бұлтты аспаннан тартасың жай)  
Бұлшық еті Цирктің кір тасындай,  
Тұлғасы бес тәңірдің жартасындай.

Өмірлік жүріп өткен жолдары алыс,  
Ұлтының нышанындай шомбал арыс.  
Алдына келген ерді шыдатпаған,  
Дарыған жеті атадан мол қара күш.

Күресте Бежеш пірі дем беретін,

Көкпарда оған жан жоқ тең келетін.  
Күресте қарсыласын шаң қаптырып,  
Құлашын туды айналып кең керетін.

Билесе айнымаған жорға аюдан,  
Құйғандай буындарын шор қайыңнан.  
Қарысқан белдесуде саусақтарын,  
Күшпенен қос палуан зорға айырған.

Елі оған Адам ата-Хауа анадай,  
Жаз бойы қонақ болған тау аралай.  
Алмайды жекпе- жекке ешкім қалап,  
Айқаста жүректері дауаламай.

Азамат бақыт тапқан адал терден,  
Қайдада орын дайын оған төрден.  
Толтырған омырауын сексен медаль,  
Бұйырған сый- сияпат он алты елден

АҚШ-ты қазақ осы тұңғыш көрген,  
Қытайда Абай әні тың күш берген.  
Ұшақтың апатынан қалған аман,  
Қосылып достарымен бірге ішкеннен.

Тайпалған тисе астына жорға үкілі,  
Көрінген таудай болып зор бітімі.  
Ақын да, әнші де оны атандырған,  
Дарыған нағашыдан қорлы тілі.

Атаққа, ел сыйына семірместен,  
Қатарда қарапайым өмір кешкен.  
Тұрғанда Қажымұқан кіммін дейді,  
Көк тасты жүндей түтіп, темірді ескен?

Қамқоршы аға алдында ерке нағыз,  
Жастарға үлгілі ұстаз, ол тек- абыз.  
Көргенге күрестерін ерлікпен тең,  
Сыртынан естігенге ертегі, аңыз.

Өзінен палуан аз асар күші,  
Көп батқан ұлтшылдардың қасаң тісі.  
Көрген жоқ тізе бүгіп, күші жетпей,  
Жығатын аңғалдығы, осал тұсы.

Хан сыйы, ақ дастархан, баталы асы,

Жандардан әулие пір ата-анасы.  
Бойында Қожанасыр қылықтар көп,  
Аңқаулық батырлықтың аталасы.

Айтатын әркімдер әр алуан ғып,  
Сүйінген басқан ізін ару аңдып.  
Бұйырған бейбіт күннің еншісіне,  
Бір аты батырлықтың - палуандық.

## АРАСАНҒА БАРҒАНДА

### I

Төсінде байлықтар бар сан бағалы,  
Көп болды Арасанға бармағалы.  
Таутеке көрінбеді тұрағында,  
Өтпеді жолды кесіп сал маралы.  
Көне көз көрдідағы жатырқады,  
Сиреген қысқа берік батыр талы.  
Байлығын ойсырата тонап кеткен,  
Әр жерде улы қолдың жатыр табы.  
Қол ұшын бермегенде тәңір қажып,  
Адамдар тапқан одан өмірге азық.  
Апан қазған аюдай қорыс қылған,  
Келгендер шым қопарып тамыр қазып.  
Әжімдей сиық бұзған бетке көшіп,  
Жол жатыр ернеу шымы кеткен өсіп.  
Қалмапты сарымсақтың тұқымыда,  
Жебірлер жей берген соң етке қосып.  
Жасаңын төсеніп ем мамық етіп,  
Жатты елес көз алдымнан сағым өтіп.  
Тоздырып топырағын қалың шиыр,  
Қалыпты аз-ақ жылда сәні кетіп.  
Көк шың тұр көз ұшында жоны ағарып,  
Күміс көл азайды ма? тола балық.  
Табиғат ежелден бай, жарлы болса,  
Адамзат жарлы қылған тонап алып.  
Деуші едік көріп бұрын сұлу қандай,  
Әйтеуір саф ауасы тұр уланбай.  
Тартылып қайнар көзі –деді біреу,  
Барады суында да жылу қалмай.  
Суының минералға бай құрамы,  
Бояған малдың тілін май құрағы.  
Қартайып жер-анада күтім кетсе,  
Бойдағы қызуынан айрылады.

### II

Талайлардың оралтып тайған бағын,

Білеміз ғой тәңірге айналғанын.  
Түйме тастап, біреулер тиын тастап,  
Ластап-ақ тастапты қайнар маңын.  
Сүлейменнің бұлақтар көк лағы,  
Оған қажет қамқор қол көңіл ағы.  
Қазынаға бағзыдан бай табиғат,  
Сенің тиын,түймеңді не қылады.  
Мұң шақты ма? жауып бір сібер өтті,  
Минерал-су бойыма жігер екті.  
Бәйшешектің түріне бай табиғат,  
Әлем-жәлем не қылсын шүберекті.  
Ызғарда жоқ кететін мидан өтіп,  
Арша,бұта жолыңда сидаң етіп.  
Адамзатқа жер өзі қызметші,  
Қайтсын сенен болмашы сый дәметіп.  
Сауықтырып талайды қыр ойдағы,  
Бойда шаттық жүзінде нұр ойнады.  
Аялаудың орнына еттік кейде,  
Еріккеннің ермегі «жын ойнағы».  
Кім болсада қамқор боп қорғап өтсін,  
Кейінгіге жақсы үрдіс жолдама етсін.  
Туған жердің қадірін сыиласа егер,  
Гүл өсіріп,дән сеуіп, орман ексін.  
Кейде аспанның бұлттанып қас-қабағы,  
Жанарынан мөлтілдеп жас тамады.  
Ден саулықты мұқият қорғау ісі,  
Жер анаңды күтуден басталады.

### ТАСТАҒЫ ЖАЗУЛАР

Кезім ғой шын ағымнан ақтарылар,  
Түсінгендер жырымды жаттар ұғар.  
Қобда ішінен өрлесен тастарында,  
Көп жандардың қашалған аттары бар.  
Жасыл майса жасаңы жыр алаңы,  
Түйсігіңді қозғайды бұлақ әні.  
Ертеректе бұл жолмен сапар шегіп,  
Келе жатты шет елдің бір адамы.  
Тас-тізімнен жандардың атын көріп,  
Тізгіншіні тоқтатты ақыл беріп.  
Машинаның үнінде өшіріпті,  
Жазулардың тұсына жақын келіп.  
Қалың тізім күдір жол қорқынышты-ақ,  
Жерге түсіп тұрыпты аз ол тыныстап.  
Аруақтар-деп ойлап,тағзым етіп,  
Аялдапты бас иіп бөркін ұстап.

Тілмашының ұяттан өңі қашып,  
Айта алмапты бұл жайттың жөнін ашып.  
Үнсіз ғана өзенге телміріпті,  
Сабасынан жататын толып асып.  
Мықтылардың қажет-деп күш –көмегі,  
Тұрды таулар вольфром, мыс денелі.  
Естілердің уақытын жатады жеп,  
Есерлердің ерігіп істегені.  
Тас жазудың ашылмай көне сыры,  
Көрдiк тағы наданнан көресiнi.  
Сынтастардың бетінде айғыздаған,  
Тірілердің қашалған «өлі есімі»  
Неше алуан сыр ұғып тас данадан,  
Дәуірлердің сырларын ашқан адам.  
Жеті өткелде сынтас бар жазу бар-деп,  
Бір ғұлама келіпті астанадан.  
Іштей қайта түлетіп ескі арманын,  
Орындамақ болыпты еске алғанын.  
Сынтасты кеп көргенде бірақ білді,  
Жай қимылдап бұл істе кеш қалғанын.  
Тас бетінде түкте жоқ жете ұғатын,  
Қалды жұмбақ күйінде ескі мәтін.  
Көне сөздің үстінен басып тұрып,  
Қашап кеткен бір есер шекіп атын.  
Қастандығы жаралап жан жүректі,  
Тарихты ант атқан қалжың етті.  
Қаншама адам бұл үшін әбігер боп,  
Үкіметтен есепсіз қаржы кетті.  
Надандығын жасырып таза алтындай,  
Көріп атын данышпан қазы атындай.  
Әліде бар қолына балға ұстаған,  
Тас –кітаптың жалғасын жазатындай.  
Ашылмаған көп бізде қазына әлі,  
Жастар шіркін аз тыңдап аз ұғады.  
Өлмейтігүн есімдер тастарға емес,  
Тарихтың бетіне жазылады.

## ДӘКІЛБАЙ

Сиынар төбедегі тәңірі көк,  
Күн жауса найзағайдың дабылы үдеп.  
Ақсудың сағасында жалғыз қабір,  
Айтады ел Дәкілбайдың қабірі-деп

Кім болған, қалай болған көрген күні,  
Сұрадым, біле алмадым елден мұны.



Басында қашап салған ағаш қорған,  
Белгілі бейбіт күнде өлгендігі.

Иенде қалып қойған жалғыз қабір,  
Күзеткен айнала тау, жалбызды адыр.  
Беймәлім Дәкілбайдың кім екені,  
Беймәлім бұл қабірді салғызған ұл.

Ыстықта көлеңкелі сая талы,  
Кеші ерте, таңы ғажап, жәй атады.  
Ол жайлы ел есінде қалған түк жоқ,  
Жоқ әйтеу батыр һәм бай атағы.

Көлдердің толқып жатқан қазаны кең,  
Майсасы кір шалмаған таза кілем.  
Оянасың мұнара-серектерден,  
Шақырған ұларлардың азанымен.

Арналған бие бауға сұғым, арал,  
Қарағай дауыл соқса ығына алар.  
Ащылап тау ешкілер жалағынан,  
Тоғайды күңіrentкен бұғы марал.

Жасаған тағдыр шебер туынды ғып,  
Биікке өрлегенде буын құрып.  
Атқылап Сарқырама бұрқақтарын,  
Шықпенен жібереді жуындырып.

Ғаламның он сегіз мың түріне еніп,  
Бұлақтар ағысымен бұрым өріп.  
Қайтасың миуа бақ, жемісінен,  
Бал сорып, тамыр сауып, шырын еміп.

Сия алмай арты шөмек тар жалғанға,  
Секірген мөлдір-моншақ жардан-жарға.  
Бейішті басы бүтін иемденіп,  
Шіркін-ай жатқан жанда арман бар ма?

Аспанға тік шаншылып жебе-терек,  
Тұрғандай аласаны келекелеп.  
Өлгенде осындай жер бұйырса егер,  
Алладан жұмақ тілеп неге керек.

\*\*\*

Қорғандар Сақтан қалған төбеге тең,

Өткенін өміріме өнеге етем.  
Очиржав,Махбард өмір сүрген,  
Бұл Цэнгэл көне-мекен төре-мекен.

Шежіре ғасырлардың дерегі екен,  
Келешек ұрпақ үшін деме бөтен.  
Буянөлзий, Бәде<sup>\*</sup> ноян орда тіккен,  
Бұл-Цэнгэл көне мекен -төре мекен.

Бұл күнде терезе тең, кереге кең.  
Сұрамас мәрттігіне төлем,өтем.  
Бұйырған Қожамжарға топырағы,  
Бұл-Цэнгэл киелі өлке төре-мекен.

Бекзада ұлдарының оннан бірі,  
Демеңіз қарапайым долбар мұны.  
Аймақта алғашқы әкім Қаби болса,  
Төрелер аруағы қонғандығы.

Ашылған бақытына жол даңғылы,  
Дарыған бабалардың шоң нарлығы.  
Шәкерхан,Сұлтан ұлық болғандығы,  
Төрелер аруағы қонғандығы.

Алланың қолдап жебеп қормал,нұры.  
Көп туған ақындардың жорға,алғыры.  
Сандалхан дара уәзір болғандығы,  
Төрелер аруағы қонғандығы.

Тұлғасы адамының шомбалда ірі  
Жамалмен ғашық болған Қорланға ұлы.  
Тілейхан, Бәкей төре болғандығы,  
Төрелер аруағы қонғандығы.

Баспана тауларының тоңғанда, ығы,  
Сыныққа таңғыш-дәке көл балдыры,  
Елімнің тұрмыста озық болғандығы,  
Қыдырдың бастарына қонғандығы.

Сабыны алабота түтіні ащы,  
Малға азық шөптерінің үкі басы.  
Он сегіз мың ғаламның құтын берген,  
Тәңірдің айрықша ауып ықыласы.

\*Бадрах төрені - ел құрметтеп **Бәде** атаған.

